

Боранбаев С.Р*., Тулебаев Қ.Т., Құлтай Ж.Б.

филология ғ.д., доцент.«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар»

ғылыми-зерттеу институтының директоры. М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов ат. ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛІКТЕРДІ САЛЫСТЫРА ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Автор корреспондент: sandybai60@mail.ru

Түйін: Бүгінгі күні тілді қатынас құралы ретінде ғана емес, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихы мен, сондай-ақ дүниетанымы мен байланыстыра қарап, ғылыми түрде зерттеудің белең алып отырғаны белгілі. Бұл мәселе айналасындағы зертеу жұмыстарындағы белсенділік тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары сезіле бастады. Тіл тарихында салыстырмалы және антропоцентристік парадигмаларды байланыстыра зерттеу проблемалы мәселелердің қатарына еніп отыр. Кез-келген тілдің тарихы сол халықтың тарихымен тығыз байланысты болатындықтан, бір немесе тілдер тобының глоттогенезін анықтау үшін, оның этногенез мәселесімен терең байланыста екендігін ұмытпағанымыз жөн. Қандай бір этнос болмасын оның дүниетанымы мен мәдениеті міндетті түрде тілден көрініс беруі заңды құбылыс. Мұндай өзекті мәселелерді синхрондық тұрғыдан шешуге талпынғанымызбен, мағынасы күңгірттеніп, қолданыстан шығып қалған сөз тіркестерін қалпына келтіруде жазба ескерткіштердің орны ерекше. Тілдік деректерге сүйене отырып, қазіргі туыстас тілдердің төркіндігі мен этномәдени ортақтығы мен тарихи сабақтастығын анықтаудың маңызы ерекше болмақ.

Кілт сөздер: Этногенез, қыпшақ антропонимдері, тілдік қатынас, тарихи сабақтастық.

Кіріспе. Ескі қыпшақ тіліне қатысты ескерткіштер корпусындағы лексикалық бірліктердің құрамы мен құрылымы тарихи лексикологиялық тұрғыдан қарастырылып, олардың қазақ тілімен ортақтық және сабақтастық ерекшеліктерін айқындау мәселесі қазіргі ғалымдар алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі. Ортағасырлық ескі қыпшақ тілінің батыс тобына қатысты ескерткіштердің тілі мен қазақ тілін өзара салыстыру арқылы фонетикалық құбылыстардың болу себептерін, грамматикалық категориялардың табиғаты мен салыстырылып отырған тілдердің ара қатынасы: ортақтығы мен айырмашылығы анықталып, сөздердің лексикалық мағыналарының кеңею немесе тарылу құбылысы салыстырмалы түрде дәлелдеуді қажет етеді. Қазіргі түркология ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, жазба ескерткіштер тілінде қолданылған кісі аттарының мағынасы мен тұлғалық жағы қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сол тектес атаулардың қаншалықты өзгеріске түскендігі анықталады.

Сондықтан ескі қыпшақ тіліндегі ономастикалық жүйенің этимологиясын анықтау арқылы қазақ ономастикасының антропонимдер, этнонимдер мен этнотопонимдерге қатысты мәселелерді шешуде ортағасырлық жәдігерліктердің орны ерекше екендігі ғылымда дәлелденген.

Теориялық талдау. Тілдің лексика саласы тез өзгеретіндіктен, лексикадағы сәйкестік барлық кезде де туысқандықтың белгісі бола бермейді. Демек тілдің лексика саласының екі жағы бар: бірі – ертеден келе жатқан төл сөздер де, екіншісі – кірме сөздер. Біз мақаламызда түркі тілдеріндегі төл түркі сөздері де, салыстырылып отырған тілдердің сөздік құрамындағы өзге тілдерден енген кейбір кірме сөздер де қамтылды. Ондағы мақсатымыз қазіргі түркі тілдері лексикасындағы ортақтық пен ерекшеліктерді айқындау болды.

Сыртқы факторлар лингвистикалық жүйені толық өзгерте алмағанымен этностың қалыптасу процесінде, оның тілінің қалыптасуына негіз болған туыс тілдердің немесе диалектілердің ерекше белгілерін білдіретін дыбыстық өзгешеліктердің тілдік заңдылыққа айналуына арқау болады. Өзге халық тілдері сияқты түркі халықтары тілдері де ұзақ әрі күрделі тарихи даму жолынан өтті. Негіз тілдің ғасырлар бойы үздіксіз дамуының

нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысуы, іргелерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен тығыз қарым-қатынаста болуы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән болмыспен қалыптасуына алып келеді. Өткен ғасырлардағы ата-бабаларымыздың дүниетанымы мен салт-дәстүрі, өмір сүрудегі нанымдары қазіргі тілімізде қолданыста жүрген сөздердің төркінін анықтауда құнды дерек көз екендігін мойындауымыз керек.

Жалпы кез-келген лексеманың түбірін анықтау барысында негізінен тарихи-этимологиялық талдау мен салыстырмалы-тарихи, сондай-ақ этимологиялық зерттеуде қолданылатын ғылыми индукция мен дедукция әдістерінің де ықпалы зор.

Қазіргі уақытта тілді тек қатынас құралы ретінде, оның деңгейлерінің құрылымын сипаттау сияқты классикалық лингвистикадан басқа тілді сол тілде сөйлеуші халықтың тарихы, мәдениеті және дүниетанымымен сабақтастыра отырып, кешенді түрде зерттеу ғылыми сипатқа ие болып келеді. Бұл мәселе, әсіресе кеңестік кезеңнің идеологиялық құрсауынан босағаннан кейін белсенді түрде қолға алына басталды. Қазіргі тіл білімінде тарихи-салыстырмалы және антропоцентристік парадигмаларды ұштастыра отырып зерттеу көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Тіл тарихы халық тарихымен тығыз байланысты болатындықтан, белгілі бір тілдің немесе тілдер тобының глоттогенезін анықтау этногенез мәселелерімен қабысып жатады. Этностың дүниетанымы, мәдениеті, шаруашылығы т.б. өз кезегінде тілінен көрініс тауып отырады. Бұл өзекті мәселені қазіргі заман заман тұрғысынан синхрондық аяда шешуге тырысқанымызбен, мағынасы күңгірттенген, тіпті халық жадынан жоғалтып алған атауларды қалпына келтіруде жазба мұралардың орны ерекше. Ал сол қыпшақтық негізді тілдік деректерге сүйене отырып, яғни ескі қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің төркіндестігін, олардың этномәдени ортақтығын қарастыру барысында қазіргі қазақ мәдениеті мен тарихымыздың өткен кезеңдеріне тарихи экскурс жасаймыз.

XIII–XVII ғғ. араб, көне готика, әліпбилерімен хатқа түсіп жеткен, бес ғасырды қамтитын қыпшақ жазба ескерткіштері тіліндегі лексика, қазіргі түркі тілдерімен сабақтастықта қарастырыла отырып, өзіндік ортақтықтары мен ерекшеліктерін анықтау қажет. Түрлі кезеңдерде, түрлі мәдени-әлеуметтік ортада жазылған мұралар тілінің лексикасы түркологияда мұндай аспектіде әлі қаралған жоқ. Түркі тілдерінің лексикасы жекелеген ғалымдардың зерттеу нысаны ғана болып отыр, тарихи жазба ескерткіштерде көрініс тапқан тілдік материалдардың қазіргі түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы, тілдік-танымдық тұрғыдан ізденіс нысанына айналуы қажет.

Орта ғасырлардағы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі жүйесін қазіргі түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы, тілдік-танымдық аспектіде қарастыру, сөздік құрамына қарай қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ тілдеріне тән делініп жүрген орта ғасырлық жазба мұралар тіліндегі арнайы лексика-семантикалық топтарды тарихи-салыстырмалы аяда жан-жақты қарастыру, ол ескерткіш-терге қазіргі түркі тілдерінің қатыстылық деңгейін кешенді түрде арнайы зерттеу нысаны етілгені жөн.

Ортағасырлық түркілердің салт-дәстүрі, дүниетанымдық көзқарасы, нанымдары қазіргі қазақ тіліндегі көптеген антропонимдердің түп төркінін анықтауға өзіндік септігін тигізеді. Ескі қыпшақ тіліндегі ономастикалық жүйенің этимологиясын анықтау арқылы қазақ ономастикасының антропонимдер, этнонимдер мен этнотопонимдерге қатысты мәселелер өз шешімін табады.

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі қазақ тілі әбден қалыптасқан түркі тілдерінің бірі, мұндай тұтастық алғашқы арнасы Орхон ескерткіштерінен (VI–VIII ғғ.) алады. Сол дәуірден баз-баяғы қалпын өзгертпей, тілімізде қолданыста жүрген лексика көнелік сөздік қордың құрымынан алынды деудің өзіндік себептері де жоқ емес. Олар: көк, күн, түн, ай, торы, бөз, аз, көп, ел, іні, біл, мен, сен, ол, он, бол, бөрі, ілгері, т. б. Ал XI ғасырда жазылған М. Қашқари сөздігінде қазіргі қазақ тіліне тән көптеген сөздер бар: ой, атыз, ұтыс, ыдыс, алыс, ұрық, азу, ішік, шыбыш, елік, аш, ұя, ерлік, ерке, сыбызғы, қызғыш,

қысыр, бұтақ, бұра, қыс, қаша, т. б. XIII ғасырда дүниеге келген «Кодекс Куманикус», «Китаб-и меджму-уа терджуман тюрки ве аджеми ве моголи ве фарси» т. б. ескерткіштерде қазақ тілі мен ортақ, дәлме-дәл сөздер қаншама [1, 15]

Ескі қыпшақ тіліндегі ономастикалық жүйенің этимологиясын анықтау арқылы қазақ ономастикасының антропонимдер, этнонимдер мен этнотопонимдерге қатысты мәселелерді шешу үшін жазба деректерге қайта-қайта оралған жөн.

Ол үшін мынадай мәселелерді басты назарға алуымыз қажет:

- ортағасырлық ескі қыпшақ тілінің батыс тобына қатысты ескерткіштер тілін қазақ тілімен өзара салыстырыла отырып, кешенді зерттеу жүргізуді;

жазба ескерткіштерде қамтылған жалпы сөздік қор құрамындағы қыпшақ сөздерді анықтау, жүйелеу мәселелерін нақтылауды;

ескі қыпшақ тіліне қатысты ескерткіштер корпусындағы лексикалық бірліктердің құрамы мен құрылымы тарихи лексикологиялық тұрғыдан қарастырылып, олардың қазақ тілімен ортақтық және сабақтастық ерекшеліктерін айқындауды;

- ортағасырлық қыпшақ тіліне тән диалектілік ерекшеліктердің таралу аймақтарын, ареалдық өзгешеліктерін, даму жолдарын айқындауға және оларды қазіргі қазақ тіліне тән диалектологиялық, сөйленістік ерекшеліктермен байланыстыра отырып, алдағы уақытта зерттеу ісіне септігі тиер алғышарттар жүйесінің негізін анықтауды;

- ортағасырлық қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тіліне ортақ дәстүрлі фонетикалық құбылыстар мен фонологиялық заңдылықтар жүйесінің өзара ортақтығын дәлелдеу.

Әрине мұндай мәселелер жақын арада шешімін таба қоймас. Дегенмен келешекте арнайы, кең ауқымда зерттеуді қажет етіп, ортағасырлардың өзінде-ақ қыпшақ тілі деп танылған түркі тілдерінің үлкен бір тобына қатысты мәселелердің ара-жігін айқындау барысындағы мүдделі қажеттіліктерді айқындауда тер төгіп, көп ізденісті талап етері айдан анық. Түркі тілдеріндегі сингармониялық варианттар мен параллельдер тіл дамуының жемісі. Бұлар тілдік қордың толығына, молаюына, жетілуіне өзінің әсерін тигізіп отырады

Халықтың өткен тарихын зерттеп білмейінше болашағын болжауға болмайды. Халықтың тарихы тек материалдық мәдени мұраларында ғана сақталмайды, сол кезеңдерде хатқа түсіп, бүгінге жеткен мұралар тілінде халықтық, ұлттық мәдени-рухани қазынасына қойылатын атаулар мен ұғымдардың сақталып жететіні бүгінгі күні дәлелденіп отыр.

Белгілі ғалым Э. Н. Наджип былай дейді: «Без изучения памятников этого периода невозможно изучить историю языка ряда тюркских языков, в первую очередь узбекского. Если узбекские племена, населявшие восточную часть государства, в дальнейшем своем продвижении оказались в очень благоприятных условиях и успешно могли развивать литературу, то иначе сложилась судьба тех племен, которые в дальнейшем вошли в состав современного казахского народа. Эти племена, населявшие в тот период огромную территорию Золотой Орды, и предки которых не могли не принимать участия в создании этой культуры и литературного языка, по ряду исторических причин в течение нескольких веков были бесписьменными и вели кочевой образ жизни, сохранив лишь устную литературу – фольклор. После разрушения культурных центров племена, впоследствии вошедшие в состав казахского народа, оторвались от литературного языка, общего для всех тюркоязычных племен, населявших территорию Золотой Орды, сохранив лишь свои племенные языки» [2, 90].

М.Әлімбаев ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдердің шығу тарихын алғаш рет қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеп, ономастикалық және этимологиялық аспектіде кешенді түрде қарастырды. Сондай-ақ, түркі қағанаты кезінде мемлекеттік басқаруды өз қолында ұстаған тайпа, қыпшақтар дәуірінде «бөрі тотемді тайпа» немесе «бөрі елі» аталып, билеуші ру дәрежесінде болды,- дейді [3, 157].

Қандай да бір халық болмасын оның бүгінгі қолданыстағы тілі өткен тарихпен тығыз байланысты болатындығы белгілі, тілдің кейбір ішкі даму заңдылықтарын, мәселен, фонетикалық, сондай-ақ грамматикалық формалардың даму заңдылығын тек тарихи тұрғыдан қарастырып, сонымен ғана байланыстырып шешу дұрыс болмаса керек. Халық тарихының өзіндік, тілдің даму тарихының өзіндік қырлары, қағидалары, заңдылықтары бар.

Барлық сыртқы лингвистикалық факторларды қоршаған ортаға-географиялық жағдайға қатысты қарастырған Ф. де Соссюр сыртқы және ішкі лингвистиканың өзара өте

тығыз әрі қарама-қайшылықты байланысына тоқтала отырып: «.поскольку географический фактор тесно связан с существованием языка, и все же в действительности географический фактор не затрагивает внутреннего организма самого языка» дейді [4, 24].

Сол себепті, ата-бабалар тілінде қолданыста болған көптеген лексикалық бірліктердің бүгінгі тілімізде өз ізін сақтайтындығы тіл білімінде дәлелденген мәселе, барлығы да негіз тілдің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып табылатындығы даусыз. Бұл жөнінде белгілі түркітанушы-ғалым А.М. Щербак былай дейді: "Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует праязыковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений" [5, 22].

Қорытынды. қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолын, тарихи фонетика тұрғысынан – жекелеген фонемалардың дыбыстық өзгеріске ұшырау процесі мен дыбыстардың жүйеленуін, фонетикалық заңдылықтардың тарихи қалыптасуын анықтап, грамматикалық тұрғыдан – түркі тілдеріндегі грамматикалық категориялар мен формалардың тарихи дамуы мен қалыптасуын дәлелдеуде сөзжасамдық жүйенің, түбірлердің тарихи және семантикалық құрылымын айқындап алу дұрыс. Сонымен қатар сөздік қор мен сөздік құрамның тарихи дамуын, осы аталған тілдік жүйенің ареалдық ерекшеліктері мен ортақ белгілерін айқындауда көне, ортатүркі жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан тілдік деректердің орны мен рөлінің ерекше екендігін хрнологиялық тұрғыдан анықтап беру де бұл саладағы жұмыстарды жеңілдетендігі рас.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұрат Сабыр. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. Монография «Liber» баспасы Алматы, 2021
2. Наджип Э.Н. Кыпчакского-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века: Автореф. дис. д-ра филол. наук. Москва, 1965. 92 с.
3. Дешті Қыпшақ даласындағы тотем атаулардың негізінде пайда болған кісі аттары // К.Қарасаев атындағы Бішкек Гуманитарлық Университетінің Жаршысы. Бішкек, 2009. №1(14). 157-158 бб.
4. Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. Москва, 2000.
5. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Ленинград, 1970.

Аннотация: На сегодняшний день известно, что язык является не только средством общения, но и научным исследованием истории и мировоззрения народа, говорящего на этом языке. Активность в исследовательской работе вокруг этого вопроса стала ощущаться только в годы после обретения независимости. В истории языка изучение сравнительной и антропоцентрической парадигм входит в число проблемных вопросов. Поскольку история любого языка неразрывно связана с историей одного и того же народа, важно помнить, что он глубоко соприкасается с проблемой этногенеза, чтобы определить глоттогенез той или иной группы языков. Какой бы этнос ни был, его мировоззрение и культура обязательно должны отражаться в языке. Несмотря на попытки синхронно решить такие насущные проблемы, писательские памятники занимают особое место в восстановлении пропущенных фраз с затемненным смыслом. Исходя из языковых данных, особое значение приобретает установление этнокультурной общности и исторической преемственности современных родственных языков.

Ключевые слова: Этногенез, кыпчакские антропонимы, языковые отношения, историческая преемственность.